

**Жанысбекова Эльмира Тулегеновнаның
«Қазіргі қазақ прозасындағы мифологиялық образдар
мен сарындар» «6D02050 Филология» мамандығы бойынша
философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының**

АНДАТПАСЫ

Зерттеудің өзектілігі. Мифологтардың шығысты және мифологиялық ойлау жүйесін өзектестіре қарастыру жайлы концепсиясы ғылыми ортаға белгілі, сондықтан да бүгінгі таңдағы әлемдік мәдениеттің жаңаруы мен жаһандануы көбінесе, номадизм – көшпелілер төңірегіндегі мәселе, буддизм (постмодернизмде), конфуциандық және басқа да шығыстық «экологиялық» дискурстарға негізделетіні кездейсоқтық емес.

Шығыс мифологиясын көркем шығармалар негізінде тың таным-көзқарасқа сай қазіргі көркем шығарманың инновациялық әдіспен талдау бүгінде өте өзекті, өйткені, бұл қазіргі әлеуметтік орта, табиғатпен үйлесімді түрлі әлеуметтік қарама-қайшылықты еңсерудің моделі болып саналатын паритетті идеологияның генезисін яғни, түп-тамыры мен құрылымын тереңдете ашып зерделеуге мүмкіндік береді.

Бүгінде классикалық миф «үзінді» (образ және сарын) түрінде баяндалғанымен де қазіргі кезең әдебиетіндегі мифологияның эволюциясы-дамуы мен трансформациялану үдерісін пайымдауда поэтиканың осы элементтерін талдау барынша ұтымды деуге болады. Тарихи өзіндік еуразиялық ортада қалыптасқан, қашанда Батыс пен Шығыстың ұтымды дәнекері болған қазақ әдебиеті бүгінде әлем әдебиетіндегі жаһандық үдерістің басты мәдени көзі болса, біздің зерттеуімізде талданып отырған неомифологияның, яғни ұлттық жаңа мифологиялық материалдың мән-маңызы да зор болмақ.

Біздің зерттеуімізде талданып отырған қазақстандық неомифологиялық материал да аса маңызды, өйткені өзіндік тарихи еуразиялық ортада қалыптасып қашанда Батыс пен Шығыстың ұтымды дәнекері болған қазақстандық әдебиет бүгінгі жаһандық үдеріс және әлемдік өнер өрісінде жетекші мәдени үлгінің бірі болуға әбден қауқарлы.

Қазақ этносының және көпұлтты мемлекетіміздің өзге ұлттары мен ұлыстарының ұлттық өзіндік бірегейлік үрдіс үдерісі шиеленіскен, мәдени және менталдық ерекшеліктері айқындалған қазіргі кезеңде еліміздің ішкі мәдени-саясаты тұрғысынан алғанда да қазақ прозасындағы мифті зерделеудің маңыздылығы артып отыр.

Соңғы жылдары мифті өнердің жалпы түрлі салаларында, дәлірек айтсақ, әдебиетте қазіргі болмысты суреттейтін басты мәтін ретінде зерделеуге айрықша мән беріліп, бұл мәселе жиі көтеріліп жүр. Біз зерттеуге алып отырған мәселе төңірегінде монография, мақала сынды көптеген еңбектер жарияланғанымен де орасан зор құнды материал әлі де болса жүйеленбей, зерттелмей мамандар назарынан тыс қалуда. Бұл әсіресе,

тәуілсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ әдебиетіне қаламгерлердің жаңа буын легі, жаңа есім, тың тақырып, тың сарын дендеп енген, әлі де болса мән-мағынасы ой елегінен өтіп лайықты ғылыми зерделене қоймаған «роман заманына» қатысты.

Сонымен, қазақ әдебиетінде қордаланған материалға негізделіп миф төңірегіндегі сын, әлем мифологиясы, әдебиетімен өзектестіре орындалған бұл диссертациялық зерттеу жоғарыда қозғалған мәселелерді қамтиды.

Зерттеу пәні. – құрылым, семантика, қолданылу моделі, қазақ көркем прозасындағы мифтік сарындар мен образдардың көркемдік міндеттері.

Зерттеу нысаны А. Алтай, О Бөкеев, А. Ким, Б. Жылқыбаев, И. Одегов, А. Жақсылықов, Л. Сон, Л. Қоныс, Л. Калаус, Ю. Серебрянский, Е. Айла (Е.Клепикова) Н. Сакавова және т.б. шығармаларындағы мифологиялық сарындар мен образдар болып саналады.

Зерттеу мақсаты – әр қаламгердің шығармашылығына тән мифтік образдар мен сарындарға сүйене отырып қазақстандық прозаиктер шығармаларының мифологиялық қайнар көзін айқындау және бұлардың жаңғыру, жаңару сынды қандай да бір өзгерістерін, көркемдік қызметін анықтау.

Көзделген мақсатқа сай төмендегі міндеттер шешіледі:

– теориялық және тарихи-әдеби деректерді жүйелеу, зерттеуге алынған тақырып пен зерттеу әдістемесі үшін барынша мәнділерін іріктеп алу;

– талдауға алынған образдық құрамы мифпен өзектес көркем мәтіндерді анықтау;

– қазіргі кезеңдегі қазақстандық прозаға тән мифологиялық сарындарды анықтау;

– қазіргі Қазақстан прозасында барынша жиі кездесетін басты мифологиялық образдар мен сарындарды анықтау және сыныптау;

– қазіргі қазақ прозасындағы мифологиялық образдар мен сарындардың формасы мен сипатталу жолын бағамдау және оның көркемдік мәнін ашып көрсету.

Зерттеу негізіне қазақстандық авторлардың ХХ ғ. соңы – ХХІ ғ. басында жарық көрген түрлі жанрдағы шығармалары алынды. Зерттеудің басты нысаны ретінде қазіргі қазақ прозасындағы әралуан мифологиялық образдар мен сарындар толық қамтылған, мифологиялық мәні айқын, көркемдік деңгейі жоғары және мардымсыз зерттелген көркем шығармалар таңдалды. Бірінші кезекте А.Алтайдың «Алтайская баллада» миф-романы, «Кентавр», «Шахид», «Стакан», «Лайбаран» әңгімелері, А. Кимнің «Белка» ертегі-романы және «Поселок кентавров» гротеск-романы, Б. Жылқыбаевтың «Синий волк» новелласы, И.Одеговтың «Пуруша» атты әңгімесі және «Пиньята» әңгімелер жинағындағы Л.Калаустың әдеби ертегілер топтамасы монографиялық тұрғыда зерделенді. Шығармалар желісінен анықталған көркемдік тенденцияны айғақтау үшін салыстыра-салғастыра зерделеу және сәйкесінше шолу ретінде О. Бөкеевтің «Человек-олень» повесті, А.Жақсылықовтың «Другой океан», «Сны океанных» романдары, Л. Сонның «Площадь треугольника», Л. Қоныстың «Алма ағашының құдайы» («Богиня

яблони»), «Су перісінің зираты» («Могила русалки») әңгімелері, ЮСеребрянскийдің «Казахстанские сказки» («Қазақстан ертегілері») топтамсы және Е. Аылдың (Е. Клепикова) «Сказки для взрослых» («Ересектерге арналған ертегілер») сонымен қатар, Н. Сакавова және т.б. авторлардың туындылары қаралды.

Зерттеудің барынша нақты, дәлелді, дәйекті болуы үшін диссертацияда талданатын мәселелерге қажетті материалды іріктеуде өзінің негізгі тенденциялары бойынша ХХ ғ. 80-жылдарының ортасынан бастап дами бастаған қазіргі қазақстандық прозаның белгілі хронологиялық шегі алынды.

Қазақстан филологиясында қазақ фольклорын, мифті, көркем мифологизмді зерттеудің ертеден бастау алған, дамыған терең-тамыры дәстүрін ескере келе диссертацияда таңдалған тақырып шеңберінде мардымсыз зерттелген орыс тіліндегі қазақстандық шығармалардың талдануы өте өзекті болып табылады.

Қазақстан филологиясында қазақ фольклорын, мифті, көркем мифологизмді зерттеудің ертеден келе жатқан және барынша дамыған дәстүрі бар десек, бұл диссертацияда ең алдымен қазақстандық қаламгерлердің орыс тілінде жазылған, зерттеуге алынған тақырып төңірегінде жеткілікті зерттелмеген шығармаларының талдануы аса өзекті.

Зерттеу әдістері. Салыстыра-салғастыра талдауға сүйене отырып отандық және әлемдік әдебиеттің миф, фольклор жанрында жазылған түрлі шығармаларындағы мифологиялық элементтерді жаңғыртудың жалпылама және өзіндік белгілері анықталады. Тарихи-типологиялық әдіске сай қазіргі кезең мәтіндеріндегі мифті трансформациялау – түрлендіру немесе өзгертудің заңдылықтары зерттеледі. Архетип, мифологема, мифема және мифологиялық сарындарды жалпылама талдау және бұларды қазақстандық авторлардың түсінік, ұстанымының бір жүйесіне келтіру үшін мифологиядағы сыныптарға жіктеудің гендік әдісімен қатар образды-ассоциативті, құрылымдық әдістерін ұштастыратын мозаикалық әдіс, сондай-ақ әдебиеттанудағы психоаналитикалық және когнитивтік әдістер қоланылады.

Жұмыстың әдістемелік негізіне А.Н. Веселовский, В.Я. Пропп, Е.М.Мелетинский, В.Н. Топоров, В.В. Иванов, О.М. Фрейденберг, Я.Э.Голосовкер және т.б. ғалымдардың тарихи поэтика, миф, фольклор жанрларының генезисі – түп-тамыры, құрылым мәселелері турасындағы еңбектері; мифологияны жүйелеудің функционалдық және ғұрыптық қағидалары жайлы Дж. Фрэзер, М.Элиаде, Дж. Кемпбеллдің, мифтік образдар мен сарындарды психоаналитикалық талдауға арналған З. Фрейд, К.Г. Юнг, В. Руднев, Ж. Лакан және т.б., сондай-ақ, когнитивтік талдаулар қарастырылған Е.А.Режабек, Н.Н.Николаенко және т.б. мамандардың зерттеулері алынды.

Қазіргі қазақстандық әдебиеттанушылардың қолтумаларынан бұл зерттеуге әдебиет, миф және фольклордың өзара тығыз байланысын зерделеген С.А.Қасқабасов, Е.Д. Тұрсынов, С. Қондыбай, Р.Б. Бердібаев,

К.С.Бұзаубағарова, Ш.И. Ыбраев, Г.Б. Шаинова, З. Наурызбаева, Б.А.Жетпісбаева және т.б. еңбектері өте өзекті болды.

Диссертация материалдарында сондай-ақ Б. Әбдіғазыұлы, В.В.Савельева, А.С. Исмакова, Л.В. Сафронова, Г.Ж. Орда, Т. Әсемқұлов, Е.Н. Лулудова, Қ.Жаңабаев, А.А.Джундубаева, Ш.Т. Әдібаева, Б.Ұ. Әзібаева, А.С. Афанасьева және т.б. авторлардың ғылыми концепциялары ескерілді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы

- бұл зерттеуде қазақстандық прозаға тән, әрі оның қазіргі кезеңдегі дамуында басымдық алып отырған мифологиялық образдар мен сарындарды анықтау, яғни

- қазіргі Қазақстан прозасындағы мифологиялық образдар мен сарындардың формасы және оны жаңғыртудың себеп-салдары, мифопоэтикалық ойдың бүгінгі таңдағы көркем прозаикалық мәтіндерге ықпалы мен функционалдық ерекшеліктері жайлы түсінікті кеңейтуі;

- талдау әдістерінің инновациялық (әдебиеттанудың психоаналитикалық әдісі және т.б.) қолданылуы;

- осыған дейін мардымсыз зерделенген, әлі де болса іргелі теориялық рефлексияға ілікпеген, әдебиеттануда жеткілікті талдана қоймаған жекелеген көркем шығармалардың ғылыми айналымға енгізілуі.

Зерттеудің гипотезасы: қазіргі қазақ прозасындағы белгілі бір мифологиялық образдар мен сарындардың өзектендірілуі бүгінгі авторлардың тұтас алғанда қазақ мәдениеті мен социумы дамуының аса маңызды өмірлік мәселелері жайлы толғанысын аңғартып қана қоймай бұлжымас бағзы дәстүрге (ұлттық және универсалды мифтер) жүгіне отырып оны шешудің бағыттарын да меңзейді.

Қорғауға шығарылған тұжырымдар:

1. Қазақстандық прозаиктердің шығармалары желісінде доминантты (барынша жиі) ұшырасатын архетиптер қатарына бес форма/кезеңмен іске асатын төмендегі: *жаңғыру –жанның өзге сипатқа енуі/өзгеруі (өлім, жерасты – өлілер әлемінің сипаты), тірілу, жаңғыру және трансформация* (Б. Жылқыбаев, А.Жақсылықов, А. Ким, Л. Сон, И. Одегов, Л. Калаус), *тотем/рух* (О. Бөкеев, А.Алтай, Б. Жылқыбаев, А. Жақсылықов, А. Ким), *трикстер – тұлғасы да, әрекеті де тосын құдай, адамның рухы немесе антропоморфты жануар* (Б.Жылқыбаев, А. Жақсылықов, А. Ким, Е. Айла, Н.Сакавова), *Көк-аспан әлемі* (Б.Жылқыбаев, А. Ким), *ана* (Б. Жылқыбаев, А. Ким, И.Одегов, Л. Калаус, А.Айла және Н. Сакавова), *жад пен тағдыр* (ата мекен, ата-баба бейнесі) (О. Бөкеев, А. Алтай, Б. Жылқыбаев, А.Жақсылықов, А. Ким, Л. Сон, Ю. Серебрянский), *Жауынгер және дін қызметкері Әулие әке* (тұлғаның ерік-жігері, адами идеалы) (Б. Жылқыбаев, А. Жақсылықов, А. Ким, Ю. Серебрянский), *ұлт* (О. Бөкеев, А.Алтай, Б.Жылқыбаев, А. Ким, А. Жақсылықов, Л. Сон, Ю. Серебрянский), *мәңгілік* (үзілген, өшкен уақыт, өліара) (Б. Жылқыбаев, А. Ким, И. Одегов, Ю.Серебрянский, Л. Калаус) дегендей, архетиптер жатады.

2. Қазіргі қазақ прозаиктерінің шығармалары желісіндегі лейтмотивті – басты *мифологемалар* қатарына табиғат / өркениет (О. Бөкеев, А.Алтай,

Б.Жылқыбаев, А. Жақсылықов, А. Ким), өзара байланысты екі түсінік, яғни, *өзімдікі /өзгенікі* (Б.Жылқыбаев, А.Ким, А. Жақсылықов, Л. Сон), *жоғарғы жақ (көк-аспан) / төменгі жақ (жер)* (Б. Жылқыбаев А. Ким, А.Жақсылықов, И. Одегов, Л.Калаус), *алғашқы адам* (А. Ким, Б. Жылқыбаев, И. Одегов), *жазмыш* (Б. Жылқыбаев, А.Ким, А. Жақсылықов, Л. Сон), күнәға бату, күнәһар (Б. Жылқыбаев, Л. Қоныс, А.Алтай), нарцисс – өзімшіл, өзін-өзі сүйюмен шектелген (И. Одегов) диадалары кіреді. Зерттеуде сондай-ақ жылқы-адам (А. Алтай, А. Ким), бұғы-адам (О.Бөкеев), *қасқыр-адам* (А. Ким, Б.Жылқыбаев), *ит-адам* (А. Ким, Б.Жылқыбаев), төбет-қасқыр, *үйрек-адам*, *үкі-адам* (А. Жақсылықов), су перісі (Л.Қоныс) кентавризм мифемалары өз алдына жіктелді.

3. Жоғарыда аталған архетип, мифологема, мифем және мәтін құрушы кейіпкерлер (су перілері, антигерой, қасқыр, аю және т.б.) *қандай да бір ерекше тұлғаның және инициация – құпия (екіжақтылық, неке түні, өлу-өшу-қайта тірілу, жандану, катабазис – кейіпкердің арғы әлем, өлілер әлеміне саяхаты)* (Б.Жылқыбаев, Л. Калаус, А. Жақсылықов, А. Ким, Ю.Серебрянский, Е. Айл және Н. Сакавова), *жаратылыстың және адамның пайда болуы* (А. Ким, Б.Жылқыбаев, И. Одегов), *апокалипсис – тосын жағдай, ақырзаман(эсхатологиялық сарындар), оқшаулану* (Б. Жылқыбаев, А.Жақсылықов, А. Ким, Л. Қоныс), *эдипалды немесе ішкі этикаға жат әрекет, кейіп-бітімнің өзгеруі немесе адамның затқа, жануарға және керісінше айналуы сынды сарындарымен астарлас* (Б. Жылқыбаев, А. Ким, И. Одегов, Л. Калаус), өзге бір тіршілік иесіне немесе затқа айналу сарыны (Б. Жылқыбаев, А. Ким, А.Жақсылықов, Л. Калаус), егіздер сарыны (Ю.Серебрянский, А. Ким, Е. Айла және Н. Сакавова).

4. Бүгінгі қазақ прозасындағы мифопоэтиканың төмендегі элементтері Қазақстанның дамуының қазіргі кезеңінде («қалыптасу», жаңа мемлекеттіліктің нығаюымен байланысты) өзекті бола бастаған сюжеттердің: *космогониялық* (апокалипсис немесе дүниенің қайта жаратылуы, ғарыштың пайда болуы жайлы) мифологиядан (жаратылыстың пайда болуы) тарихи кезеңге аяқ басу, өту; *антропогендік мифтер* (адамның және әлеуметтік ұстанымның пайда болуы, халықтың мифтік арғы атасы, алғашқы адамдардың жұптасуы немесе бірінші адам жайлы); *тотемдік мифтер* (адамның тотемдік жануарға айналуы, немесе адамды мәдени кейіпкер қалпына келтіру, адамның эволюциялық жолы) турасындағы *мифтердің «жаңғырығы»* деуге болады. Бұл космогониялық цикл жаңа адамның қалыптасуымен аяқталады. Зерттеуге алынған тақырып бойынша зерделенген көркем шығармалар мәтіні қазіргі кезеңдегі адам-тұлға мен этностың өзін-өзі тану-таныту үдерісін бір тарих немесе арнаға – индивидуацияға, яғни Өзінде – Өзгені көре білу (Карл Юнгтің архетипіне сай), адам санасында өзін қоғамның мақсат-мұраты, құндылығының ажырамас бөлігі деген ұғымның қалыптасуына саяды.

5. Қазіргі кезеңдегі қазақстандық көркем прозада ұлттық/тұлғалық өзін-өзі тану-таныту және қоғам мен жеке тұлға дамуының бағыт-бағдарын айқындау, сондай-ақ девиантты – тосын да тың әлеуметтік үдерістерді

анықтау мақсатында бүгінгі шынайы тіршілікті, әдеби сарындар мен кейіпкерлерді ремифологизациялау, яғни мифологиялық танымды жаңғырту ұстанымы басым (О.Бөкеев, А. Алтай, А. Ким, Л. Қоныс, И. Одегов, Ю.Серебрянский). Қазіргі қазақстандық прозадағы демифологизация, яғни мифологиялық танымнан арылу қоғамдағы постмодернизация үдерісімен байланысты және бұл жекелеген туындыларда көрініс табуда (Л.Калаус, Е.Айла және Н. Сакавова).

Зерттеудің теориялық мәнділігі. Қазіргі қазақстандық проза туындыларындағы мифологиялық образдар мен сарындарды жүйелеу, сыныптарға жіктеу, мәтіндер желісі мен қызметіне сәйкес бұлардың мифпоэтика және идея-тематикалық қор элементтерін талдау болып саналады.

Зерттеудің тағлымдамалық мәнділігі. Диссертация материалдары университеттер мен педагогикалық институттардағы «Қазіргі кезеңдегі отандық әдебиет үдерісі», «Мифопоэтика мәселелері» «Әдебиет теориясы», т.б. тақырыптар бойынша өткізілетін арнайы курс, семинарларда, жалпы білім беретін орта мектептерде әдебиет пәнін оқыту барысында сондай-ақ, анықтамалар, сөздіктер, энциклопедиялар дайындауда қолданысқа алынады.

Жұмыстың апробациялануы және зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдар.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері PhD докторанттарының ғылыми-әдістемелік семинарларында, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының мәжілістерінде (2014 жылдың қыркүйек пен 2017 жылдың мамыр аралығында), Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған журналдарда, ғылыми-практикалық, ғылыми-теориялық отандық және шетелдік халықаралық конференциялар жинақтарында, ғылыми жарияланымдар жинағында, шетелдік ұжымдық монографияда жарияланды. Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың жалпы саны – 12.

Диссертацияда қозғалған мәселенің негізгі тұжырымдамалары Scopus ақпараттық базасына енетін Indian Journal of Science and Technology ISSN 0974-6846 (2016, Vol. 9. Iss. 22) басылымында, халықаралық ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар барысындағы баяндамалары мен мәлімдемелерінде: М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты «XIII Әуезов оқулары» (Алматы, 2015 ж. 28 қыркүйек), «Миф и эмоции» Камплутенсе университетінің халықаралық конференциясы (Мадрид қ., Испания, «Мәңгілік ел – ұлттық идеясының қазақ әдебиетінде көркемдік көрініс табу дәстүрі мен инновациялық жаңашылдық мәселелері» Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы (Алматы, 2015 ж. 3 маусым), «Science and Education Studies» халықаралық конференциясы (Stanford, USA, №2. (16), July-December, 2015), Камплутенсе университетінің «Миф и эмоции» халықаралық конференциясы (Мадрид қ., Испания, 2016 ж. 24-28 қазан), Вильнюс университетінің «Человек в пространстве языка» халықаралық

конференциясы (Каунас қ., Литва, 2016 ж., 12-13 мамыр), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Хангук шетел тілдері университеті бірлесуімен өткізілген «Корееведение в Центральной Азии и цифровая гуманитаристика в Корее» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы (Сеул қ., Оңтүстік Корея, 2016 ж. 22-23 желтоқсан), Помор академиясының «Восток-Запад. Диалог языков и культур» ІХ халықаралық ғылыми конференциясы (Слупск қ., Польша, 2017 ж. 18-19 қыркүйек), Лингвистически-технического университетінің «Человек на пересечении материальных и духовных вызовов современности» ІІ халықаралық ғылыми конференциясы (Псашныш қ. Польша, 2017 ж. 15 қыркүйек), К.Карасаев атындағы Бішкек Мемлекеттік университетінің «Образование в области корееведения в Центральной Азии: настоящее и будущее» корейтану мәселелері бойынша 5-ші Орталық-Азиялық ғылыми конференциясы (Бишкек қ., Қырғыз республикасы, 2017 ж. 6-10 маусым).

1. «Неомифологизм как художественный феномен современной литературы» // Л. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университетінің хабаршысы. – Астана, № 5 (108), 2015. – 67-71 бб.

2. «К вопросу о содержании феномена неомифа в современном искусстве и литературе» // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. – Филологиялық ғылымдар сериясы. – Алматы: 2015. – № 4 (54). – 121-124 бб.

3. «Функции мифа в художественном произведении: классификационный аспект» // Science and Education Studies. – Volume III, “Stanford University Press”, USA 2015, № 2(16). – 449-460 бб.

4. «Неомиф как символическая форма» // «XIII Ауезов оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2015. – 258-266 бб.

5. «Myth and Kazakh mythology: Retrospective Analysis and Prospect of Research» // Indian Journal of Science and Technology. – 2016, V.9. Iss. 22 ISSN (Print). 0974-6846. Impact Factor 2007: 0,273

6. «Қазақ жазушыларының шығармаларындағы миф» // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы. – Көкшетау, №1, 2016. – 189-194 бб.

7. «Казахский роман-миф: семантика, структура, «нарративный каркас» // ҚР Ұлттық ғылым академиясының хабарлары; Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 1 (305) 2016 ж. 217-222 бб.

8. «Миф в творчестве современных казахских писателей» // «Филологияның өзекті мәселелері» Жинақ. – Алматы: Абай атын. ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы. 2016. – 82 б. – 28-32 бб.

9. «Мифологема Нарцисса и мотив первотворения в рассказе И. Одегова «Пуруша»» // әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы. – Филология сериясы. – Алматы, 2017. – №3(167). – 75-83 бб.

10. «Myth and folklore in their function as the basic centers of the creative method of O. Vokeev and A. Altai» // «Человек в пространстве языка» ІХ халықаралық ғылыми конференциясы. Вильнюс университеті, 12-13 мамыр, Каунас 2017. – 407-417 бб.

11. Мифологические образы и мотивы в современной казахстанской литературной сказке (на материале цикла сказок Л Калаус из сборника «Пиньята») // «М.О. Ауэзов және ұлттық рухани жаңғыру» М.О. Әуезовтың туғанына 120 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. 28 қыркүйек 2017 ж. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2018. – 247-254 бб.

12. Протопозитика постмодернистского романа А. Кима „Белка”// *Gumanistica* 21, Świecie: Wydawnictwo Uczelni Lingwistyczno-Technicznej, 2018. - Т. 2. - 332-354 бб.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы.

Диссертация Кіріспе, үш тарау, Қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, жаңалығы, мақсаты, міндеттері, теориялық, тағлымдамалық мәнділігі анықталып, қорғауға шығарылған гипотеза және тұжырымдамалар қарастырылады. «Мифтің әдебиеттану және басқа да гуманитарлық ғылымдар саласында зерделенуі» деп аталған бірінші тарауда мифке түсініктеме беріліп, зерттелу тарихнамасы, миф пен әдеби шығармашылықтың (мифологизм) формалары мен өзара әрекеттестік, байланыс жолы дәйектеледі; батыс елдеріндегі, ресейлік және қазақстандық дәстүрлі ғылыми ортада миф пен неомифті зерттеуші мектептер –орталықтар, бағыттар қарастырылады; түсініктемелік аппарат, сыныптау –жіктеу, зерттеу жұмысы үшін барынша маңызды терминдердің функционалдығы, зерттеуге алынған тақырып үшін оңтайлы да тиімді әдіснамалар мен саралау әдістері екшеленеді. «Қазіргі қазақстандық проза жанрындағы мифтік образдар мен сарындар» делінген екінші тарауда О. Бөкеев, А. Алтай, Б. Жылқыбаев, А. Ким, И.Одегов шығармашылығындағы мифологиялық образдар (архетип, тотем, мифологема, мифема) және мифологиялық сарындар (инициация – құпия (екіжақтылық, өлу-өшу-қайта тірілу, жандану, жаратылыстың және адамның пайда болуы, апокалипсис – дүниенің қайта жаратылуы, кейіп-бітімнің өзгеруі немесе адамның затқа, жануарға және керісінше айналуы, кентавризм (химеризм) және т.б.) сыныпталып, жіктеліп, жүйеленеді; «Қазіргі қазақстандық прозаның фольклор-мифологиялық бастаулары» деп аталған үшінші тарауда Л. Қоныс, Л. Калаус, А.Алтай, А. Жақсылықов, Ю.Серебрянский, Л. Сон, Е. Айла мен Н. Сакавова және т.б. жазушылардың көркем проза туындылары негізінде ертегі-мифологиялық образдар мен сарындар, эсхатологиялық сарындар, қазақстандық неомифтің антикалық – бағзы және библиялық қайнар көзі, мифологиялық хронотоп, салт-жоралғылық қырлары, тотем және т.б. қарастырылады. Қорытындыда орындалған зерттеу жұмысының түйіні және нәтижесі сөз болады.

Диссертация көлемі – 161 бет. Пайдаланған әдебиеттер тізімі - 257.